

## **Мемлекеттік мекемелер туралы ережелерді бекіту жөніндегі кейбір мәселелер туралы**

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 19 ақпандағы № 57 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 124-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес, Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

### **1. Мыналар:**

- 1) Осы қаулыға 1 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 2) Осы қаулыға 2 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 3) Осы қаулыға 3 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 4) Осы қаулыға 4 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 5) Осы қаулыға 5 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 6) Осы қаулыға 6 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 7) Осы қаулыға 7 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 8) Осы қаулыға 8 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының балық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 9) Осы қаулыға 9 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 10) Осы қаулыға 10 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының цифрлық технологиялар басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 11) Осы қаулыға 11 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже;
- 12) Осы қаулыға 12 қосымшаға сәйкес "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже жаңа редакцияда бекітілсін.

2. "Маңғыстау облысының әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Маңғыстау облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің аппараты басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі

*Маңғыстау облысының әкімі*

*Н. Қилыбай*

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025

жылғы "19" ақпандағы № 57

қаулысына 1 қосымша

## **"Маңғыстау облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Маңғыстау облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында бюджетті атқару, жергілікті бюджетті атқару жөніндегі бюджеттік есепті және есептілікті жүргізу, сондай-ақ облыстық коммуналдық меншікті басқару салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, № 1 ғимарат, пошталық индексі 130000.

**Ескерту. 9 тармаққа өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 81 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

- 1) жергілікті бюджетті атқару саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) түсімдер мен шығыстар бойынша бюджетті толық және уақытылы атқару;
- 3) жергілікті бюджеттің атқарылуы жөніндегі бюджеттік есепті жүргізу, бюджеттік есептілікті жасау;
- 4) облыстық коммуналдық меншікті басқару, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттер.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілерді қабылдау;
- заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;
- өз құзыреті шегінде комиссияларды құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін беру;

заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) облыстың бюджетін атқаруды ұйымдастырады және облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, облыстың аудандары мен қалаларының бюджеттің атқарылуы жөніндегі қызметін үйлестіреді;

2) облыстың аудандары мен қалаларының бюджеттеріне субвенцияларды, заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төмен тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерді, заңнаманың өзгеруіне байланысты төмен тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге жоғары тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерді уақтылы аударуды жүзеге асырады;

3) төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді ;

4) төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді;

5) ай сайын облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы есепті әкімдікке, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясына, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарына, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға ұсынады;

6) республикалық бюджеттен бөлінген, Қазақстан Республикасының Үкіметі ағымдағы қаржы жылы одан әрі пайдалану (толық пайдалану) туралы шешім қабылдамаған нысаналы трансферттердің өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомаларын қайтаруды жүзеге асырады;

7) өткен қаржы жылында бөлінген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша пайдалануға (толық пайдалануға) рұқсат етілген нысаналы трансферттердің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомаларын қайтаруды жүзеге асырады;

8) бюджетті атқару сатысында азаматтық бюджетті жасайды;

9) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есепті жасайды;

10) филантропиялық қызметтен және (немесе) қайырымдылық көмектен және (немесе) меценаттық қызметтен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы есепті жасайды;

11) жергілікті бюджеттің кредиторлық және дебиторлық берешектері туралы есепті жасайды;

12) бюджет ақшасын басқаруды жүзеге асырады, уақытша бос ақша көлемін айқындайды және оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің депозиттік шотына орналастыру үшін аударуды жүзеге асырады;

13) бюджет шығыстары атқарылуының бюджеттік мониторингін жүзеге асырады, облыс бюджетінің шығыс бөлігін орындау туралы талдамалы есепті жасайды;

14) бюджеттік есепке алуды және есептілікті жүргізуді жүзеге асырады;

15) тиісті қаржы жылына облыстық бюджет туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген сомалар шегінде бюджеттік бағдарламаларды толық және уақтылы орындауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады;

16) жартыжылдық және қаржылық жылдың қорытындысы бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады;

17) қарыз алу арқылы ақша тарту процесін ұйымдастырады;

18) жергілікті бюджетке түсімдерді есептеу және жергілікті бюджеттен шығындарды жүргізумен байланысты операцияларды есептеу үшін қолма-қол ақшаның бақылау шоттарын ашу;

19) облыстық бюджетке салық және салықтық емес түсімдер бойынша операциялардың есебін жүргізеді және оларды шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетеді;

- 20) сыныптаманың кодтары бойынша түсімдердің артық (қате) төленген сомасын бюджетке қайтару және (немесе) есептеу үшін қорытындыны дайындайды;
- 21) мемлекеттік мекеменің өз билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаның түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын және оған өзгерістер енгізу туралы анықтамаларды келіседі;
- 22) облыстық бюджетті нақтылау, түзету бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 23) бюджеттік кредиттердің тіркелуін, есепке алынуын, мониторингін қамтамасыз етеді, бюджеттік кредиттердің өтелуін және оған қызмет көрсетуді жүзеге асырады;
- 24) жергілікті атқарушы органның мақсатқа сай пайдаланбаған бюджеттік кредит бойынша берешегінің сомасын және/немесе бюджеттік кредит сомасын өндіріп алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;
- 25) облыстық әкімдік резервінен қаражаттарды бөлу туралы Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулыларының жобаларына қорытынды дайындайды;
- 26) жоғары тұрған бюджеттің резервінен алынған, пайдаланылмаған қаражатты жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының тиісті кодынан қайтаруды жүзеге асырады;
- 27) құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының конкурстық құжаттамаларын келісу;
- 28) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары, оның ішінде жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелері бойынша мемлекеттік міндеттемелерге мониторинг жүргізу;
- 29) өз құзыреті шегінде облыстық коммуналдық мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;
- 30) аудандық коммуналдық мүлікті басқару саласында өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының жұмысын үйлестіреді;
- 31) облыстық коммуналдық мүлікті басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
- 32) облыстық коммуналдық заңды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы, сондай-ақ акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысуы, оларды құру, қайта ұйымдастыру, тарату, акционерлік қоғамдардың өздеріне тиесілі акцияларын, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін иеліктен шығару туралы шешімдер қабылдайды;
- 33) облыстық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуын бақылау мен талдауды жүзеге асырады;

34) облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың жарғысын (ережесін) , оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға осыған уәкілеттік береді;

35) облыстық коммуналдық мүлікті облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіп береді;

36) облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

37) облыстық коммуналдық мүлікті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес ақшаны жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамдардың акцияларын төлеуге беру туралы шешім қабылдайды;

38) акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін облыстық коммуналдық мүлік құрамына сатып алу туралы шешім қабылдайды;

39) тарих және мәдениет ескерткіштерін меншік иесінен алып қою туралы талап-арызбен сотқа жүгіну туралы шешім қабылдайды;

40) облыстық коммуналдық мүлікті пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

41) облыстық коммуналдық мүліктің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

42) облыстық коммуналдық мүліктің есепке алынуын ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

43) облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асырады, жекешелендіру объектілерін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды жүзеге асырады;

44) сенімгерлікпен басқарушының облыстық коммуналдық мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттемелерін орындауын бақылауды жүзеге асырады;

45) мүлікті облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың бір-біріне беруі туралы шешім қабылдайды;

46) мүлікті облыстық және аудандық коммуналдық меншік деңгейлері арасында қабылдау мен табыстау туралы шешім қабылдайды;

47) мемлекеттік заңды тұлғаларға облыстық коммуналдық мүлікті уақытша өтеусіз пайдалануға беру жөніндегі шарттарды жасасады;

48) облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша мемлекеттік мүлікті өтеусіз пайдалану, соның ішінде мемлекеттің меншігіндегі ғибадат үйлерін ( ғимараттарын) және ғибадат ету мақсатындағы өзге де мүлікті діни бірлестіктерге өтеусіз пайдалануға беру туралы шартын жасасады;

49) облыстық коммуналдық мүлікті есептен шығаруды келіседі;

50) сыйға тарту шарты бойынша мүлікті облыстық коммуналдық меншікке қабылдау жөнінде жұмысты үйлестіреді;

51) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма қарамағындағы ұйымдарының тізбесі

"Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" Акционерлік қоғамы.

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025

жылғы "19" ақпандағы № 57

қаулысына 2 қосымша

**"Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, №1 ғимарат, пошталық индексі 130009.

**Ескерту. 9 тармаққа өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 81 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

### 13. Мақсаттары:

1) облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру;

2) облыстың әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары негізінде бюджеттік саясатты жүзеге асыру;

3) өңірлік даму саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

### 14. Өкілеттіктері:

#### 1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілерді қабылдау;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу; өз құзыреті шегінде комиссияларды құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін беру;

заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

#### 2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) облыстың әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын әзірлеуді және іске асырудың салааралық және өңіраралық үйлестіруді, олардың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге әсерін бағалауды жүзеге асырады;

2) облыстың, қалалардың және аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуына тұрақты талдау жүргізеді, ахуалды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлейді;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының, Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқа да тапсырмаларының, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың хаттамалық тапсырмаларының, экономикалық даму мәселелері жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспарының орындалу мониторингін "Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі құзыретінің шегінде жүзеге асырады;

4) шоғырландырылған және облыстық бюджеттердің түсімдері мен шығыстары қамтылған, үшжылдық кезеңге арналған бюджеттік параметрлерінің болжамын жүзеге асырады;

5) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалар, сондай-ақ, бюджеттік инвестициялар бойынша экономикалық қорытынды дайындайды;

б) бюджеттік инвестициялардың экономикалық негіздемесі бойынша қорытындыларды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар әкімшелерінің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге (түзетуге) арналған инвестициялық ұсыныстарын дайындауды ұйымдастырады;

7) техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, жергілікті басымдықты бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастырады, сондай-ақ бөлінетін тиісті бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қажетті сараптаманы жүргізеді;

8) облыстық бюджеттің жобаларын бекіту аясында жергілікті басымдықты бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін қалыптастырады;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне республикалық бюджеттен қаржыландыруға ұсынылатын жергілікті инвестициялық жобалар бойынша өтінім ұсынады;

10) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, сондай-ақ бірлескен барлау және өндіру жұмыстарын жүргізуге арналған келісімшарттар жобаларының экономикалық сараптамасын жүргізеді;

11) жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты түзіп жасайды және оны Ұлттық экономика министрлігіне ұсынады;

12) өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

13) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарын жасасу кезінде халықтың әлеуметтік-экономикалық мүдделерінің сақталуына байланысты мәселелерді шешу үшін жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына қатысты конкурсты не тікелей келіссөздерді ұйымдастырушыға ұсыныстар енгізеді;

14) облыс әкімдігіне жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультациялық қолдау жөніндегі заңды тұлғаны айқындау туралы қаулы жобасын енгізеді;

15) облыс әкімдігіне жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына бизнес-жоспарларға, жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының конкурстық құжаттамасына сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғаны айқындау туралы қаулы жобасын енгізеді;

16) мемлекеттік-жекешелік әріптестік лимитінің аясында іске асыруға жоспарланған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін қалыптастырады;

17) жергілікті жобаларды іске асыру мониторингі бойынша жиынтық есепті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жолдайды;

18) облыстық бюджетке түсетін түсімдердің болжамына қатысады;

19) облыс бюджетін нақтылау (түзету) туралы ұсыныстар әзірлейді;

20) тиісті қаржы жылына арналған облыс бюджетін бекіту және бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі облыстық мәслихат шешімдерінің жобаларын әзірлейді;

21) тиісті қаржы жылына арналған облыс бюджетін бекіту жөніндегі мәслихаттардың шешімдерін іске асыру туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлейді;

22) облыс бюджеті және қалалар мен аудандар бюджеттерінің арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің үшжылдық кезеңге арналған көлемі туралы облыстық мәслихаты шешімінің жобасын әзірлейді;

23) облыстық бюджеттік комиссияның қызметін ұйымдастырады;

24) жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу және түзету жұмысын үйлестіреді;

25) бюджетті қалыптастыру және нақтылау кезінде бюджеттің кіріс бөлігінің болжамдық параметрлерін айқындау үшін жергілікті бюджеттің түсімдерін болжамдайды;

- 26) ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін бюджет шығыстарының лимиттерін қалыптастырады;
- 27) облыстық бюджетті әзірлеу кезінде облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарайды, талдайды және қорытындылар әзірлейді;
- 28) облыстық бюджеттен қалалар мен аудандардың бюджеттеріне берілетін нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер көлемін қарайды және ұсыныстар дайындайды;
- 29) республикалық бюджеттен бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне, аудандар мен қалалар бюджеттеріне бөлінетін бюджеттік кредиттердің болжамды көлемі мен нысаналы трансферттерді бөледі;
- 30) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың функциялары мен штат кестелерін талдауды жүзеге асырады, олардың штат санын өзгерту бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 31) жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауға, ұсыныстар дайындауға және тиімділікті бағалау жөніндегі республикалық нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісуге байланысты жұмыстар кешеніне басшылық етуді жүзеге асырады;
- 32) мемлекеттік активтерді басқару саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;
- 33) өз құзыреті шегінде акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетіне және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі қатысу үлестеріне иелік ету және пайдалану, мемлекеттік заңды тұлғалар субъектілерінің құқықтарын жүзеге асыруға арналған өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 34) облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық әлеуеті туралы таныстырылым материалдарын дайындайды;
- 35) үкіметтік емес ұйымдармен облыстың экономикалық даму мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;
- 36) Қазақстан Республикасының заңнамасымен Басқармаға жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады;
- 37) мемлекеттік, салалық бағдарламалар, аумақтарды дамыту, бағдарламалары негізінде гранттар тартуға арналған өтінімдерді қалыптастырады;
- 38) облыстың бесжылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын әзірлейді;
- 39) бесжылдық кезеңге арналған облысты (аумақтарды) дамыту бағдарламасын, оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын, аудандар мен қалаларды (аумақтарды) дамыту бағдарламаларын әзірлеу, түзету және іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

40) өңірлік даму мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен тетіктерін түсіндіреді;

41) аумақтық даму бағдарламаларын, оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру мониторингін, жекелеген аумақтарды (шағын және моноқалаларды, шекара маңындағы аудандарды, тірек ауылдық елді мекендерді) мемлекеттік қолдау шараларын жасауды жүзеге асырады;

42) "Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштеріне қол жеткізу" бағыты бойынша облыс әкімдігінің тиімділігін бағалау қорытындыларына талдау жүргізеді, жұмысты жақсарту бойынша шаралар әзірлейді.

**Ескерту. 15 тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 05.08.2025 № 167 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**"Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы"  
мемлекеттік мекемесі туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, №1 ғимарат, пошталық индексі 130000.

**Ескерту. 9 тармаққа өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 81 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

### 13. Мақсаттары:

1) автомобиль жолдары және жол шаруашылығы, автомобиль көлігі салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру;

2) жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және жол шаруашылығы салаларындағы іс-шаралар жоспарларын іске асыру;

3) экономиканың және тұрғындардың автомобильмен тасымалдауға және өзге де жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге деген мұқтажын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

4) өз құзіреті шегінде облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;

5) жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен облысаралық тасымалдауларға байланысты жұмысты үйлестіру және реттеу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де мақсаттар.

### 14. Өкілеттіктері:

#### 1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілерді қабылдау;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

өз құзыреті шегінде комиссияларды құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін беру;

заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

#### 2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру.

#### 15. Функциялары:

1) автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) облыстық маңызы бар, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау жұмыстарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ұйымдастыру;

3) елді мекендерден тыс жердегі туристік қызмет объектілеріне дейін облыстық маңызы бар кірме автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау;

4) облыстық маңызы бар, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының желісін, елді мекендер көшелерін басқару;

5) Облыстың коммуналдық меншігіндегі жолдарды және жол кәсіпорындарын басқару;

6) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көшелерді салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7) облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығының жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуін ұйымдастыру;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығының жұмыстары мен қызметтер көрсетуін қаржыландыру;

9) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз уақытша пайдалануға беру бойынша облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу;

10) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын әзірлейді және облыс әкімдігіне бекітуге ұсыну;

11) елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасын әзірлейді және облыс әкімдігіне бекітуге ұсыну;

12) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының, байланыс және электр беру арналарымен, желілерімен, мұнай құбырларымен, газ құбырларымен, су құбырларымен және теміржолдармен, басқа да инженерлік желілермен, коммуникациялармен қиылысуын жобалау үшін, сондай-ақ кірме жолдарды және жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына жалғасатын жолдарды салу үшін техникалық шартты беру;

13) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар жолдарға кірме жолдарды және жалғасатын жолдарды салуды келісу;

14) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруды келісу;

15) облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында жол бойындағы сервис объектілерін ұйымдастыру және дамыту;

16) жол органымен келісу бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында, елді мекендердің көшелерінде автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнату;

17) автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларында айқындалған тәртіппен жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында, елді мекендердің көшелерінде автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

18) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) , ал республикалық маңызы бар қалаларда, астанада – қалалық және қала маңындағы тасымалдауды ұйымдастырады, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізу;

19) автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

20) автомобиль жолдары жөнінде уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып, облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбелерін әзірлеу және облыс әкімдігіне бекітуге ұсыну;

21) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбелерін келісу;

22) автомобиль жолдары жөнінде уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып, облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін әзірлеу және облыс әкімдігіне бекітуге ұсыну;

23) аудандық автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін келісу;

24) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) тасымалдаулар маршруттарын және қозғалыс кестелерiн бекiту туралы облыс әкiмдiгiне ұсыныс енгiзу;

25) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық қалааралық автомобильмен тасымалдау маршруттарын және жүру кестелерiн заңнамада белгiленген тәртiппен келiсу;

26) автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерiнiң қызметтi бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыру;

27) Қазақстан Республикасының нормативтiк құқықтық актiлерiмен және ұлттық стандарттармен белгiленген талаптарға сәйкес болған кезде автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерiнiң тiзiлiмiне енгiзу;

28) заңда белгiленген тәртiппен автовокзалдар, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерiнiң қызметiн тоқтату туралы шешiм қабылдау;

29) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) , автомобильмен тасымалдау маршруттарының тiзiлiмiн жүргiзу;

30) жолаушылар көлiгiн дамытудың кешендi схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзiрлеу;

31) жолаушыларды ауданаралық (облысiшiлiк қаларалық) қатынастарда әлеуметтiк мәнi бар тасымалдауларды жүзеге асыру кезiндегi тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауды жүзеге асыру;

32) халықаралық және республикаiшiлiк қатынастарда қауiптi жүктердi тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлiк құралдарының жүргiзушiлерiн арнайы даярлау жөнiндегi қызметтi жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тiзiлiмiн жүргiзу;

33) Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" заңнамасына сәйкес автомобиль көлiгi саласында лицензиялауды жүзеге асыру;

34) мемлекеттiк-жекешелiк әрiптестiк тетiгiн қолдану;

35) облыс аумағында жол жүрiсi қауiпсiздiгiн қамтамасыз ету;

36) облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда, елдi мекендердiң көшелерiнде жол жүрiсiн реттеудiң техникалық құралдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, енгiзу және күтiп-ұстау жөнiндегi барлық жұмыс түрлерiнiң орындалуын және оларды бақылауды қамтамасыз ету;

37) жолдарда жол жүрiсiн ұйымдастыру жөнiндегi iс-шараларды әзiрлеу және iске асыру;

38) жолдарда жол жүрiсiн ұйымдастыру жөнiндегi iс-шараларды әзiрлеу және iске асыру;

39) жолдарда жол жүрiсiн қалпына келтiру үшiн жол-көлiк оқиғаларының зардаптарын жою;

- 40) қала құрылысы құжаттамасында аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру бөлімінің болуын қамтамасыз ету;
- 41) интеллектуалды көлік жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге маманданушы ұйымдар құру жөнінде облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу;
- 42) жол-көлік оқиғаларынан болған ысыраптың және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған бюджет шығындарының, сондай-ақ жолдардағы авариялық деңгейін азайту үшін қолданылатын шаралар тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру;
- 43) орнықты көлікті дамытуды ескере отырып, көліктік жоспарлауды қамтамасыз ету;
- 44) жол жүрісін және қалалық жолаушылар көлігін басқарудың қазіргі заманғы интеллектуалды жүйелерін енгізуді қамтамасыз ету;
- 45) кептеліс жағдайларында жол-пайдалану қызметтерінің жұмысына қойылатын талаптарды белгілеу;
- 46) жол жүрісі саласындағы мемлекеттік бақылау шараларын күшейтуді қамтамасыз ету;
- 47) көліктік жоспарлау мен жол жүрісін ұйымдастыруды жетілдіру;
- 48) көлік құралдарын орынтұраққа қойғаны үшін ақы алуға және олардың орынтұрақта тұрған уақытын есептеуге арналған сертификатталған арнайы құрылғылармен жабдықталған орындарды айқындау туралы облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;
- 49) көлік құралдарын орынтұраққа қойғаны үшін ақы алуға және олардың орынтұрақта тұрған уақытын есептеуге арналған сертификатталған арнайы құрылғылармен жабдықталған орындардағы орынтұраққа қою тарифтеуін бекіту туралы облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;
- 50) көлік құралдарын орынтұраққа қойғаны үшін ақы алуға және олардың орынтұрақта тұрған уақытын есептеуге арналған сертификатталған арнайы құрылғылармен жабдықталған орындарда орынтұраққа қою қағидаларының сақталуын бақылау;
- 51) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша электр қозғалтқыштармен жарақтандырылған механикалық көлік құралдарының тоқтап тұруы үшін, электрқуаттау станцияларымен жабдықтауға арналған, жол белгілерімен және жол таңбасымен белгіленетін арнайы бөлінген орындарды ұйымдастыру;
- 52) әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық облысшілік) және қала маңындағы теміржол қатынастары бойынша жолаушыларды тасымалдау жөніндегі қызметтерге бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейлерін белгілеу туралы облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;
- 53) ауданаралық (облысшілік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасын ұйымдастыру туралы шешімдерді тасымалдаушы қабылдайтын жағдайларды қоспағанда, осындай шешім қабылдау;

54) әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) және қала маңындағы теміржол қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзiмдi субсидиялау;

55) ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) және қала маңындағы темір жол қатынастарды айқындау туралы облыс әкiмдiгiне ұсыныс енгiзу;

56) төтенше жағдайлар туындаған кезде әлеуметтік маңызы бар теміржол тасымалдарын уақытша тоқтату туралы шешiмдер қабылдау;

57) шағын көлемдi кемелердiң кеме жүргiзушiлерiн даярлау жөнiндегi курстарды есепке алу;

58) шағын көлемдi өздiгiнен жүзетiн кемелердi басқару құқығына куәлiктер беру;

59) жағалау объектiлерiн жобалауды, орналастыруды, салуды және пайдалануды келiсу;

60) жылына екi жүз мың жолаушыдан кем жолаушылар легiмен операциялық шығындарды жабу үшiн кiрiстердiң жеткiлiктi деңгейiн қамтамасыз етпейтiн коммуналдық меншiктегi азаматтық авиация әуежайларын субсидиялау;

61) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, өзге де өкiлеттiктердi жергiлiктi мемлекеттiк басқару мүддесiнде жүзеге асыру.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бiрiншi басшысының мәртебесi, өкiлеттiктерi**

16. Басқарманы басқаруды бiрiншi басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген мiндеттердiң орындалуына және оның өз өкiлеттiктерiн жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бiрiншi басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бiрiншi басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бiрiншi басшысының өкiлеттiктерi:

1) Басқарманың қызметiн ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген мiндеттер мен қызметтердiң, облыс әкiмi мен жетекшiлiк ететiн облыс әкiмi орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерiн, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердiң басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдердi басшылық қызметке ұсыну кезiнде гендерлiк теңгерiмнiң сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенiмхатсыз әрекет етедi;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## 5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025

жылғы "19" ақпандағы № 57

қаулысына 4 қосымша

## "Маңғыстау облысының туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Маңғыстау облысының туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында туризм саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, №1 ғимарат, пошталық индексі 130000.

**Ескерту. 9 тармаққа өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 81 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

- 1) туристік қызметке жәрдемдесу және оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, туристік өнімді ішкі және дүниежүзілік нарықта ілгерілету;
- 2) Маңғыстау облысының жағымды туристік имиджін қалыптастыру;
- 3) туристік қызметтің басым бағыттарын айқындау және қолдау;
- 4) Маңғыстау облысының аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және үйлестіруді жүзеге асырады.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілерді қабылдау;  
заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;  
өз құзыреті шегінде комиссияларды құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін беру;  
заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру.

#### 15. Функциялары:

1) Маңғыстау облысының аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және үйлестіруді жүзеге асырады;

2) туристік қызметтер көрсету нарығына талдау жасайды және Маңғыстау облысының аумағында туризмнің дамуы туралы қажетті мәліметтерді уәкілетті органға табыс етеді;

3) облыстық туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлейді және енгізеді;

4) Маңғыстау облысының аумағында туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіреді;

5) балалар мен жастар лагерьлерінің, туристер бірлестіктерінің қызметіне жәрдем көрсетеді;

6) туристік қызмет субъектілеріне туристік қызметті ұйымдастыруға байланысты мәселелерде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

7) халықты жұмыспен қамтуды ұлғайту шарасы ретінде туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлікті дамытады және қолдайды;

8) туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты береді;

9) туристік ақпарат орталығын құрады;

10) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тuroператорлық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

11) гидтерді (гид аудармашы) кәсіптік даярлауды ұйымдастырады;

12) уәкілетті органмен келісу бойынша туристік саланы дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді;

13) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

14) Маңғыстау облысының аумағында туризм инфрақұрылымын құрады, туристің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын объектілерді салу мен дамыту бойынша шаралар қабылдайды;

15) туризмді дамытуда туристік қызмет субъектілері үшін жағдайлар жасайды;

16) туризм саласындағы бірлескен қызметті іске асыру шеңберінде тікелей шарт жасасу арқылы туристік ақпараттық орталықтарды қаржыландырады;

17) туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтейді;

18) уәкілетті органмен келісу бойынша күтіп-ұсталуы кезіндегі шығындардың бір бөлігі өтелетін санитариялық-гигиеналық тораптардың тізбелерін бекітуге облыс әкімдігіне ұсыныс енгізеді;

19) елді мекендерден тыс жердегі туристерді орналастыру орындарына дейін облыстық және аудандық маңызы бар кірме автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

20) кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындарының бір бөлігін өтейді;

21) кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялайды;

22) туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтейді;

23) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2025 жылғы "19" ақпандағы  
№ 57 қаулысына 5 қосымша

## **"Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында денсаулық сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 шағын аудан, № 100 ғимарат, пошталық индексі 130001.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

1) азаматтардың денсаулығын сақтауға конституциялық құқығын іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) облыс аумағында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, білім және ғылым саласындағы заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілерді қабылдау;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

өз құзыреті шегінде комиссияларды құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін беру;

заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру.

#### 15. Функциялары:

1) Облыс аумағында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) адамдардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алу құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету;

3) уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарындағы адамдарды күтіп-бағуға бақылауды жүзеге асыру;

4) коммуналдық заңды тұлғалар болып табылатын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету;

5) саламатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастыру ;

6) денсаулық сақтау ресурстарын тиімді жоспарлау мен пайдалануды қамтамасыз ету;

7) медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартына, медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес оңалту қызметтерін көрсету мақсатында облыстық маңызы бар қалаларда, сондай-ақ аудан орталықтарында, оның ішінде осы елді мекендердің денсаулық сақтау субъектілерінің қолданыстағы инфрақұрылым объектілерінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған медициналық оңалту орталықтарын (бөлімшелерін) құру бойынша облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу және шаралар қабылдау;

8) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі шараларды қабылдау;

9) халықтың денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз ету;

10) қан мен оның компоненттерінің ерікті өтеусіз донорлығын дамыту жөніндегі шаралардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

11) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті алу үшін тұрақты тұратын елді мекеннен тысқары жерлерге шығатын Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына облыстардың, республикалық маңызы бар

қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары айқындайтын тізбе бойынша ел ішінде жол жүру ақысын төлеу;

12) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуіне бақылауды ұйымдастыру;

13) жас мамандарды әлеуметтік қолдау және ұстап қалу шараларын қоса алғанда, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын кадрмен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

14) денсаулық сақтау ұйымдарының желісін салу және дамыту, оларды қаржылай және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде дәріханалардың мемлекеттік желісін дамыту және дәріхана қоймаларын құру бойынша шаралар қабылдау;

15) Маңғыстау облысының аумағында денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін үйлестіру;

16) төтенше ахуалдар, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде тегін медициналық көмек көрсетуді, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету;

17) денсаулық сақтау саласындағы өңіраралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

18) денсаулық сақтау саласында кадрлар даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

19) денсаулықты нығайтуға, аурулардың профилактикасына, саламатты өмір салтын және дұрыс тамақтануды қалыптастыруға қажетті іс-шараларды жүзеге асыру;

20) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрі-дәрмектік қамтамасыз етуді қоса алғанда, халыққа медициналық көмек көрсетуді, оның ішінде әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың профилактикасын және емделуін ұйымдастыру;

21) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға дәрілік қамтамасыз етуді қоса алғанда, медициналық көмек көрсетуді, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың профилактикасын және оларды емдеуді ұйымдастыру;

22) дәріхана жоқ ауылдық елді мекендерде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

23) әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылықты күш қолдана отырып жасаған адамдарға денсаулық сақтау ұйымдарында психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

24) мүмкіндігі шектеулі балаларды ата-анасының немесе өзге заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберуді қамтамасыз ету;

25) өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

26) туберкулезбен ауыратын Қазақстан Республикасының азаматтарын мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы сот шешімінің орындалуына жәрдемдесу;

27) профилактикалық дезинсекция мен дератизацияның (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда) тиімділігін бағалай отырып, оларды ұйымдастыру және жүргізу;

28) фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда, аудан орталығынан шалғайдағы елді мекендерде амбулаториялық жағдайларда медициналық-санитариялық алғашқы көмек, мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункттері және жылжымалы дәріхана пункттері арқылы дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өткізуді жүзеге асыру үшін медициналық білімі бар мамандарды оқытуды жүргізу;

29) ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) ерікті өтеусіз донорлығын дамыту жөніндегі шаралардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

30) уәкілетті органмен келісу бойынша денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарын әзірлеу және бекіту;

31) әскери қызметтің мүддесінде Қазақстан Республикасының азаматтарын медициналық куәландырудан өткізу үшін медициналық комиссияларды құру және олардың қызметін қамтамасыз ету;

32) мектепке дейінгі ұйымдарды, білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарын йодталған ас тұзымен және басқа да йод қосындыларымен байытылған тағамдық өнімдермен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

33) үкіметтік емес ұйымдар үшін, оның ішінде халықтың негізгі топтары үшін азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, іске асыру, оның іске асырылуын мониторингтеу және оны бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

34) паллиативтік медициналық көмекті қоспағанда, паллиативтік көмек беру жөніндегі мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру;

35) "Кәсібі бойынша үздік" аталымын беру;

36) интерндер мен резидент-дәрігерлерге тұратын және медициналық көмек көрсететін орындарды беруді (егер денсаулық сақтау ұйымы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы бар басқа елді мекенде орналасқан жағдайда) қоса алғанда, интерндер мен резидент-дәрігерлерді тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің денсаулық сақтау ұйымдарына орналастыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;

37) медициналық қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жаратуды ұйымдастыру;

38) денсаулық сақтау ұйымдарының желісін дамытуды және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарларын орындауды жүзеге асыру;

39) денсаулық сақтау жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруды, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы іс-шаралардың және Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

40) денсаулық сақтау саласында өңірлік электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің, ақпараттық-коммуникациялық желілердің құрылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

41) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету;

42) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда, денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мониторинг пен бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

43) фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;

44) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу және сақтау;

45) медициналық бұйымдарды, санитариялық көлікті, сондай-ақ мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына күрделі жөндеу жүргізуге көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру;

46) Маңғыстау облысында денсаулық сақтау саласындағы кадрлармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

47) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес мемлекеттік медициналық ұйымдарды күтіп-ұстауды және пайдалануды қамтамасыз ету;

48) денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары үшін денсаулық сақтау саласындағы коммуналдық заңды тұлғалардағы клиникалық базаларды беру;

49) төтенше ахуалдар кезінде тегін медициналық көмек көрсетуді, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету;

50) денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру;

51) гигиеналық оқытуды ұйымдастыру, салауатты өмір салтын және салауатты тамақтануды насихаттау және қалыптастыру;

52) халықты әлеуметтік маңызы бар аурулардың және айналадағы қауіп төндіретін аурулардың таралуы туралы хабардар ету;

53) жастар ресурстық орталықтарымен бірлесіп репродуктивтік денсаулықты сақтау және отбасын жоспарлау, ойынқұмарлықтың (лудоманияның) қауіптілігі мәселелері

бойынша жастармен ақпараттық-түсіндіру жұмысын, консультативтік жұмысты жүзеге асыру;

54) Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау мәселелері бойынша халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

55) статистикалық әдіснама талаптарын сақтай отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде денсаулық сақтау саласында ведомстволық статистикалық байқауларды жүзеге асыру;

56) әскери қызметтің мүддесінде Қазақстан Республикасының азаматтарын медициналық куәландырудан өткізу үшін құрылатын медициналық комиссиялардың дербес құрамын әзірлеп, бекіту және олардың қызметін ұйымдастыру;

57) уәкілетті органға денсаулық сақтау жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын орындау бойынша, сондай-ақ денсаулық сақтаудың негізгі сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша тоқсан сайынғы есепті ұсыну;

58) уәкілетті органға тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде денсаулық сақтау жүйесінің қызметін жақсарту жөнінде, оның ішінде медициналық-санитариялық алғашқы көмекті дамыту, ана мен баланы қорғау және әлеуметтік мәні бар аурулар бойынша бағдарламаны іске асыру жөнінде ұсыныс енгізу;

59) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларын кадрмен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

60) халыққа профилактикалық екпелерді ұйымдастыру және жүргізу;

61) сотталғандарды жазасын өтеуден босатуға негіз болып табылатын аурулардың тізбесі бойынша медициналық куәландырудан өткізу үшін арнаулы медициналық комиссия құру;

62) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету;

63) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді әзірлеу және бекіту;

64) халыққа профилактикалық екпелер жүргізуді ұйымдастыру;

65) уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйымдарды қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік заңды тұлғалардағы корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі қызметті үйлестіруді және мониторингтеуді жүзеге асыру;

66) уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйымдарды қоспағанда, үкіметтік емес ұйымдар үшін, оның ішінде халықтың негізгі топтары үшін азаматтардың

денсаулығын сақтау саласында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылуын мониторингтеу және нәтижелерін бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

67) ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларын аттестациялауды жүргізу;

68) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің, лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы және өзге де сыйақы беру жүйесін бекіту;

69) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма қарамағындағы ұйымдарының тізбесі

1) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық көп бейінді ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

2) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық көп бейінді балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

3) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық перинаталдық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

4) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық стоматологиялық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

5) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық психикалық денсаулық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

6) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық фтизиопульмонологиялық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

7) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық онкологиялық диспансері" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

8) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық қан орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

9) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық тері-венерологиялық диспансері" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

10) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

11) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

12) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық жоғары медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

13) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "№1 Ақтау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма қарамағындағы ұйымдарының тізбесі

Маңғыстау облысының балық шаруашылығы басқармасының "Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі қызмет" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025

жылғы "19" ақпандағы № 57

қаулысына 9 қосымша

**"Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы**

**ЕРЕЖЕ**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында мәдениет және өнер, мемлекеттік тіл саясаты, архив ісі мен құжаттамалық қамтамасыз ету салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 19а шағын аудан, № 1/3 ғимарат, пошталық индексі 130000.

**Ескерту. 9 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 81 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

1) облыстық деңгейде мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, архив ісі және құжаттамалық қамтамасыз ету салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңының орындалуын ұйымдастыру және бақылауды қамтамасыз ету, облыстық ономастика комиссиясының жұмысын үйлестіру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мақсаттар.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілерді қабылдау;  
заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;  
өз құзыреті шегінде комиссияларды құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін беру;

заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) креативті индустриялар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте театр, цирк, музыка өнері және кино өнері, мәдени-демалыс қызметі мен халық шығармашылығы, кітапхана және музей ісі саласындағы облыстың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру, тарату жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) театр, цирк, музыка өнерін және кино өнерін, мәдени-демалыс қызметі мен халық шығармашылығын, кітапхана және музей ісін дамыту бойынша облыстың мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметін қолдау және үйлестіру, облыстың мәдениет саласындағы мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету;

5) шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларындағы облыстық (өңірлік) байқаулар, фестивальдер және конкурстар өткізуді ұйымдастыру;

6) уәкілетті органның келісімімен шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларындағы республикалық конкурстар мен фестивальдер өткізуді ұйымдастыру;

- 7) өңірлік көркемдік кеңестер құру және олар туралы ережелерді бекіту;
- 8) облыстың мәдени құндылықтарын есепке алу, қорғау, консервациялау және реставрациялау, сондай-ақ пайдалану, елдің көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 9) мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясын құру және оның ережесін бекіту;
- 10) тиісті аумақта орналасқан мәдениет ұйымдарының қызметіне мониторингті жүзеге асыру, уәкілетті органға ақпарат, сондай-ақ белгіленген нысандағы статистикалық есептер беру;
- 11) облыс деңгейінде ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуді жүзеге асыру;
- 12) облыстың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізу;
- 13) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асыру;
- 14) облыстың мәдени мақсаттағы объектілерінің құрылысы, реконструкциясы және жөнделуі бойынша тапсырыс беруші болу;
- 15) тарихи-мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлер мен салттарды дамытуға жәрдемдесу;
- 16) мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру;
- 17) облыстың мемлекеттік кітапханаларының біріне "Орталық" мәртебесін беру;
- 18) талантты жастарды және перспективалы шығармашылық ұжымдарды іздестіруге және қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;
- 19) мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізуді жүзеге асыру;
- 20) ұлттық мәдени игілік объектілерінің айрықша режимін сақтауды қамтамасыз ету ;
- 21) бюджет қаражаты көлемі шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді қаржыландыруға мемлекеттік шығармашылық тапсырысты бекіту;
- 22) мемлекеттік шығармашылық тапсырыстың көрсетілетін қызметтерін берушілердің меншік нысанына, олардың ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыруды қамтамасыз ету;
- 23) электрондық және жалпыға қолжетімді форматтарда мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастырудың, оның сапасын бақылаудың және нысаналы игерілуінің барлық кезеңдері мен рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- 24) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, сақтауды, зерделеуді, пайдалануды және олардың жай-күйі мониторингін қамтамасыз ету;
- 25) мәдениет және тарихи ескерткіштерінің ғылыми-реставрациялық жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету;

26) облыстың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларында жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды, сақтауды, зерделеуді, оларға ғылыми-реставрациялық жұмыстарды және археологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды көздеу;

27) уәкілетті органмен келісім бойынша қала құрылысы жобаларын әзірлеу және бекіту кезінде барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шараларды орындауды, жергілікті жердің тарихи-сәулет тірек жоспарларын және карта-схемаларын жасауды қамтамасыз ету;

28) елді мекендердің бас жоспарларына тарихи-сәулет тірек жоспарларын енгізу жөніндегі жұмысты жүргізу;

29) қорғау міндеттемелерін ресімдеу және беру, тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері мен қолданушыларымен олардың орындалуын бақылау ;

30) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссияны құру;

31) монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі жұмысты жүргізу;

32) мемориалдық тақталарды орнату жөніндегі жұмысты жүргізу;

33) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне жоспарланатын ғылыми-реставрациялық жұмыстардың ғылыми-жобалық құжаттамасын қарау және келісу;

34) уәкілетті органмен келісім бойынша тарихи-мәдени мұра объектілерін тарихи-мәдени сараптама қорытындысы негізінде жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану және оларды Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізу;

35) уәкілетті органмен келісім бойынша жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін тарихи-мәдени сараптама қорытындысы негізінде мәртебесінен айыру және оны Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен алып тастау;

36) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің пайдаланылуын және оларды күтіп-ұстау тәртібін бақылауды жүзеге асыру;

37) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне жүргізілетін жұмыстарды қоспағанда, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстардың және археологиялық жұмыстардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асыру;

38) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекараларын айқындау және бекіту;

39) мәртебесі туралы түпкілікті шешім қабылданғанға дейін жер учаскелерін игеру сатысында анықталған тарихи-мәдени мұра объектілерін алдын ала есепке алу тізіміне енгізу;

- 40) тарих және мәдениет ескерткіштерінің ғылыми-реставрациялау жұмыстарының жоспарын қалыптастыру үшін уәкілетті органға ұсыныстар ұсыну;
- 41) алдағы күнтізбелік жылға арналған археологиялық жұмыстардың жоспарын қалыптастыру үшін уәкілетті органға ұсыныстар ұсыну;
- 42) коммуналдық меншік болып табылатын жергілікті маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру туралы мәселені шешу;
- 43) коммуналдық меншік болып табылатын халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру туралы мәселелерді уәкілетті органмен келісім бойынша шешу;
- 44) облыстың аумағында архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 45) облыстың мемлекеттік архивтеріне сақтауға қабылданған Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтауды, жинақтауды және пайдалануды ұйымдастыру;
- 46) облыстың мемлекеттік архивтерінде сақталатын Ұлттық архив қоры құжаттарын мемлекеттік есепке алуды жүргізу және олардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 47) облыстың коммуналдық меншігіндегі тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштерді қорғауды жүзеге асыру, оларды сақтау және пайдалану;
- 48) құжаттардың ғылыми және практикалық құндылығына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;
- 49) облыстың мемлекеттік архивтерінде сақталатын Ұлттық архив қорының құжаттары бойынша деректер базасын қалыптастыру;
- 50) облыс аумағында орналасқан Ұлттық архив қоры көздері ұйымдарында іс жүргізу жағдайына, құжаттардың сақталуына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты және бақылауды жүзеге асыру;
- 51) Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің және орталық мемлекеттік архивтердің жинақтау көздерін қоспағанда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау;
- 52) жеке және заңды тұлғалардың сұраныстарын орындауды ұйымдастыру;
- 53) сараптау-тексеру комиссиясы туралы ережені бекіту;
- 54) Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын қанағаттандыру үшін пайдалануды ұйымдастыру;
- 55) облыстың тарихы бойынша архив құжаттарын жинауды және қайтаруды жүзеге асыру;
- 56) ведомстволық бағыныстағы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) бағалар белгілеу;
- 57) тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу процесінде тапсырыс беруші мен конкурстарды ұйымдастырушының функцияларын

жүзеге асыру, осы мақсаттарға бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді жұмсалуын бақылауды жүзеге асыру;

58) Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың даму жоспарларын, даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерін қарау, келісу, бекіту, мониторинг нәтижелерін мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізуге жолдай отыра, ұйымдардың даму жоспарларының іске асырылуына мониторинг жүргізу;

59) Басқарманың қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларын қарау, келісу, бекіту, олардың орындалуы бойынша мониторинг жүргізу және есептерді қабылдау;

60) мемлекеттік мүлік тізілімінде осы мәліметтерді көрсету үшін өзінің басқаруындағы және ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардағы жылжымайтын мүлік объектілері мен мүлік туралы мәліметтерді дайындау;

61) Басқарманың мемлекеттік қызметшілерінің мемлекеттік қызметті өткеруімен байланысты мәселелерді шешу;

62) кадрмен қамтамасыз етудің жай-күйін талдау, ведомстволық бағыныстағы ұйымдар мен мекемелердің азаматтық қызметшілерінің біліктілігін арттыруға жәрдемдесу және аттестациясын өткізуге қатысу, ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен мекемелердің басшылары мен олардың орынбасарларын аттестаттауды ұйымдастыру;

63) Басқарманың құзыреті бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері және жеке қабылдауы бойынша, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі жұмысты ұйымдастыру және бақылау;

64) Басқарманың құқықтық қамтамасыз етілуін жүзеге асыру;

65) Басқармада және ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен мекемелерде құқықтық түсіндіру жұмысын ұйымдастыру, мемлекеттік рәміздерді насихаттау және қолдану, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын бақылау;

66) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұртшылықпен байланыс орнату және дамыту;

67) Басқармаға жүктелген міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік органдармен және лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

68) Басқарма құзыретіне кіретін мәселелер бойынша облыс әкімдігі мен әкімі актілерінің жобаларын әзірлеу;

69) орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің, облыстың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының және ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараттарының Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

70) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

71) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған облыстық маңызы бар шаралар кешенін жүзеге асыру;

72) облыстық ономастика комиссиясының қызметін қамтамасыз ету;

73) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функциялар.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма қарамағындағы ұйымдарының тізбесі

1) Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы" мемлекеттік мекемесі;

2) Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Қабиболла Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы" мемлекеттік мекемесі;

3) Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Маңғыстау облысының мемлекеттік архиві" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Маңғыстау облыстық ғылыми-әдістемелік және мәдени қызмет көрсету орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

5) Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Маңғыстау облыстық қуыршақ театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

6) Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

7) Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық музыкалық – драмалық театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

8) Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Мұрат Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

9) Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Отпан" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

10) Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының "Серікбол Қондыбайдың Мемориалдық музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025  
жылғы "19" ақпандағы № 57  
қаулысына 10 қосымша

**"Маңғыстау облысының цифрлық технологиялар басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы**

## **ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. 10 қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 81 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Маңғыстау облысының цифрлық технологиялар басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында цифрлық

технологияларды дамыту, ақпараттандыру және байланыс салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, № 1 ғимарат, пошталық индексі 130000.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

1) Маңғыстау облысы аумағында цифрлық технологияларды дамыту, ақпараттандыру және байланыс салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бірыңғай талаптардың және ақпараттық қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз ету;

3) уақтылы және коммуникациялық технологияларды дамыту және енгізу үшін жағдай жасау, экономиканың негізгі салаларында цифрлық технологияларды енгізу бойынша жұмыстарды үйлестіру;

4) Маңғыстау облысы әкімдігінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының үздіксіз жұмыс қабілеттілігін және дамуын қамтамасыз ету;

5) тәуекелдерді бағалауды жүргізу, аумақтың профилін қалыптастыру, қолданыстағы инфрақұрылымды бағалау, "Ақылды қала" жобасының даму көрсеткіштерін анықтау, "Ақылды қала" жобасының жүйелік құраушы компоненттерінің дамуын облыстың жергілікті атқарушы органдары арасында үйлестіру, бірыңғай тәсілді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, "Цифрлық Қазақстан" Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

6) цифрландыру, ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік салаларындағы уәкілетті органдармен, "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторымен, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мақсаттар.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілерді қабылдау;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

өз құзыреті шегінде комиссияларды құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін беру;

заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру.

#### 15. Функциялары:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

2) инвестициялар тарту жүйесін және ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу мен іске асыруды ынталандыру тетіктерін жетілдіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

3) Маңғыстау облысында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту үшін жағдай жасау;

4) Маңғыстау облысында "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту бойынша жұмысты үйлестіру;

5) Облыстық әкімдіктің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының үздіксіз жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету;

6) платформалық бағдарламалық өнімдерді әзірлеу және орналастыру бойынша жұмысты үйлестіру;

7) облыстың жергілікті атқарушы органдарының электрондық ақпараттық ресурстарының толықтырылуын жүзеге асыру, олардың анықтығын және жаңартылып отырылуын қамтамасыз ету;

8) "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталында "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері (облыстық масштабтағы) туралы мәліметтерді және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері (облыстық масштабтағы) техникалық құжаттамасын есепке алуды және жаңартып отыруды жүзеге асыру;

9) өз интернет-ресурстарында мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту жоспарлары мен нәтижелері туралы жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратты орналастыру бойынша жұмыстарды үйлестіру;

10) техникалық құжаттаманың қағаз жеткізгіштердегі түпнұсқаларын сақтауды және оның сұрауы бойынша оларды "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторына (облыстық масштабтағы) ұсынуды қамтамасыз ету;

11) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін (облыстық масштабтағы) құру және дамыту кезінде стандартты шешімдерді пайдалануды жүзеге асыру;

12) халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру үшін жағдай жасау;

- 13) ашық деректердің интернет-порталында қазақ және орыс тілдерінде ашық деректерді орналастыру бойынша жұмыстарды үйлестіру;
- 14) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарын орналастыру, сондай-ақ олардың анықтығын және жанартылып отырылуын қамтамасыз ету;
- 15) ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша жұмыстарды үйлестіру;
- 16) операторға "электрондық үкімет" веб-порталын ақпараттық толықтырып отыру үшін қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды беру;
- 17) өз құзыреті шегінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне жататын объектілерді айқындау;
- 18) операторға деректерді басқару талаптарына сәйкес деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарға қолжетімділік беру;
- 19) деректерді басқару талаптарына сәйкес деректерді "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасына беру;
- 20) Маңғыстау облысының шегінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; 21) уәкілетті органмен және қызметін Маңғыстау облысында жүзеге асыратын, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен және Қазақстан Республикасы әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер уәкілетті мемлекеттік органдарының аумақтық бөлімшелерімен бірге, үкіметтік және президенттік байланыс бөлімшелерінің желілерін қоспағанда, байланыс құрылысжайларының, байланыс жолдары мен басқа да инженерлік инфрақұрылым объектілері құрылысының жоспарларын әзірлеу және бекіту ;
- 22) байланыс операторларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті шығыстарды өтей отырып, абоненттерге тегін қосуды ұсыну үшін байланыс операторларымен бірлесіп, әлеуметтік мәні бар объектілердің тізбесін айқындау бойынша жұмыстарды (облыстың жергілікті атқарушы органдары және байланыс операторларымен бірлесіп) үйлестіру;
- 23) Маңғыстау облысында байланыс операторлары көрсететін байланыс қызметтерінің сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 24) Маңғыстау облысында цифрландыру жобаларын іске асыру;
- 25) Маңғыстау облысында цифрландыру саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жүзеге асыру;
- 26) облыстың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерімен, азаматтар және мүдделі ұйымдармен ақпараттандыру мәселесі бойынша өзара іс-қимылын үйлестіру, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;

27) облыстың аумағында электрондық құжат айналымы мәселелеріне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

28) Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінің және орталық мемлекеттік архивтердің жинақтау көздерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

29) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың дербес деректер және оларды қорғау мәселелері жөніндегі жолданымдарын қарау;

30) субъектінің немесе оның заңды өкілінің дербес деректер мазмұнының және оларды өңдеу тәсілдерінің оларды өңдеу мақсаттарына сәйкестігі туралы жолданымдарын қарау және тиісті шешімдер қабылдау;

31) Маңғыстау облысының шегінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

32) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының бұзылуына жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту жөніндегі шараларды қабылдау;

33) меншік иесінен және (немесе) оператордан, сондай-ақ үшінші тұлғадан анық емес немесе заңсыз жолмен алынған дербес деректерді нақтылауды, бұғаттауды немесе жоюды талап ету;

34) субъектілердің құқықтарын қорғауды жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру;

35) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функциялар.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан

Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2025 жылғы "19" ақпандағы  
№ 57 қаулысына 11 қосымша

## **"Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында кәсіпкерлік қызметі және сауда салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, № 1 ғимарат, пошталық индексі 130000.

**Ескерту. 9 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 26.03.2025 № 81 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

- 1) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайларды құру;
- 2) мемлекеттік сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз ету;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де мақсаттарды жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

- 1) құқықтары:
  - өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілерді қабылдау;
  - заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;
  - өз құзыреті шегінде комиссияларды құру;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;
  - өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін беру;
  - заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.
- 2) міндеттері:
  - Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;
  - Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру.

#### 15. Функциялар:

##### Стратегиялық:

- 1) сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі шараларды әзірлейді;
- 3) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативіне қол жеткізу жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады;
- 4) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыруды жүзеге асырады;
- 5) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасайды;
- 6) кәсіпкерлік ортаға, инвестициялық ахуалға және жеке кәсіпкерлікті дамыту инфрақұрылымына талдау жүргізеді;
- 7) өңірлерде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын және орындалуына қамтамасыз етеді және жауапты болады;
- 8) өңірде шағын және орта кәсіпкерлікті және инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымының объектілерін құруды және дамытуды қамтамасыз етеді;
- 9) жергілікті атқарушы органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен, Ұлттық палатамен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынасын дамыту стратегиясын айқындайды;
- 10) электрондық сауданы дамыту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;
- 11) шекара маңындағы сауданы дамыту;
- 12) отандық сауда желілерін дамыту.
- 13) экспортқа шығарылған қазақстандық тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жылжыту кезінде сервистік-ақпараттық қолдау (брендтер);
- 14) өңірдің өнеркәсіптік саясатын қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

15) өнеркәсіптік өндіріс салаларындағы экономиканың жай-күйі туралы жылдық және тоқсан сайынғы баяндамаларды, ай сайынғы мониторингті дайындауға қатысу;

16) Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспарды, тау-кен өнеркәсібі мен өңдеуші өнеркәсіптің мұнай-газ секторын дамыту бөлігінде Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуы жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады

Реттеуші:

1) өз құзыреті шегінде ішкі сауда субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асырады ;

2) облыс әкімдігіне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы ұсыныстар енгізу;

3) өз құзыреті шегінде сұйытылған мұнай газының, жанар-жағармай материалдарының айналымына бақылауды жүзеге асырады;

4) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен сұйытылған мұнай газының, жанар-жағармай материалдарының көлемін бөлуді жүзеге асырады;

5) сұйытылған мұнай газының, жанар-жағармай материалдарының көлемін бөлу жөніндегі комиссияны құру жөнінде шаралар қабылдайды;

6) көлемдерді бөлу жөніндегі комиссия туралы ережелерді әзірлейді және облыс әкімдігіне бекітуге енгізеді;

7) тауарлық және сұйытылған мұнай газын, жанар-жағармай материалын тұтыну нормаларын облыс әкімдігіне бекітуге енгізеді;

8) ұқсат беру рәсімдері, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес хабарламаларды қабылдау;

9) реттеушілік әсерге баламалы талдау жүргізу

10) Өнеркәсіптік саясат туралы "Өнеркәсіптік саясат туралы" Заңға сәйкес өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету;

11) ұйымдардың сатып алуларындағы елішілік құндылық бойынша ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асыру және оны уәкілетті органға ұсыну;

12) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру туралы ақпаратты уәкілетті органға ұсыну;

Іске асыру:

1) көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруды жүзеге асырады;

2) стационарлық сауда объектілерін дамыту үшін іс-шаралар кешенін әзірлейді және іске асырады;

3) сарапшылық кеңестердің қызметін ұйымдастырады;

4) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етеді;

5) мамандарды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

- 6) шығарылатын өнімнің ассортименті бойынша өңірлік көрмелер, жәрмеңкелер ұйымдастыру;
  - 7) агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің саудасы бойынша көтерме сауда базарларын ұйымдастыру;
  - 8) Есептің бірыңғай күнін ұйымдастыру және өткізу;
  - 9) ұлттық қауіпсіздік органдарын хабардар ете отырып, бизнес-көшіп келушілерге уақытша тұруға арналған рұқсаттардың қолданылу мерзімін ұзартуға немесе қысқартуға өтініш береді;
  - 10) өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілеріне әдістемелік, консультациялық, практикалық көмек көрсету;
  - 11) өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыру бойынша үйлестіруді жүзеге асыру;
  - 12) өңір экономикасына инвестициялар тартудың ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізу;
  - 13) шетелдік және отандық инвесторлардың инвестициялық қызметін қолдауды қамтамасыз ету;
  - 14) инвестициялық преференцияларды алуға жәрдемдесу;
  - 15) әлеуетті инвесторлар үшін инвестицияларды талап ететін жобаларды айқындау;
  - 16) инвестицияларды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және іске асыру мониторингіне қатысу;
  - 17) өнеркәсіпті дамыту мәселелері бойынша іс-шараларды (форумдар, көрмелер, семинарлар) ұйымдастыру;
  - 18) өңірде инновациялық қызметті дамыту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
  - 19) коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру үшін гранттар мен инвестицияларды тарту бойынша жәрдем көрсетеді;
  - 20) қызметі ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру болып табылатын заңды тұлғаларды құруға қатысады;
  - 21) мемлекеттік тапсырыс шеңберінде қолданбалы ғылыми жобаларды әзірлеуді ұйымдастырады;
  - 22) орындалған қолданбалы ғылыми жобалар бойынша есептерді бекітеді.
- Бақылау:
- 1) тоқсан сайын облыстың сұйытылған мұнай газына, жанар-жағармай материалдарына қажеттілігін ұсынады;
  - 2) сұйытылған мұнай газын, жанар-жағармай материалын тұтыну болжамын ұсынады;
  - 3) сұйытылған мұнай газын, жанар-жағармай материалын өткізу және тұтыну жөніндегі мәліметтерді ұсынады;
  - 4) тізілімді жүргізеді және интернет-ресурста жариялайды;

5) азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне, бағаларға және агроөнеркәсіптік кешен өнімдері нарықтарына мониторинг жүргізу;

6) реттеушілік әсерді талдау жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы есептерді уәкілетті органға ұсыну;

7) өңдеуші өнеркәсіптің экономикалық көрсеткіштерін талдау, бағалау және болжау ;

8) тау-кен өндіру өнеркәсібі мен өңдеу өнеркәсібінің мұнай-газ секторының ірі және орта кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметін талдау;

9) өңірдің мұнай және газ өндіру жөніндегі деректерін қалыптастыру және талдау;

10) жетекшілік ететін өнеркәсіптік кәсіпорындар бойынша деректер базасын қалыптастыру және үнемі жаңарту;

**Ескерту. 15 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 20.03.2026 № 55 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **"Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Маңғыстау облысының аумағында білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың осы ереженің қосымшасына сәйкес ведомстволары бар:

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3Б шағын ауданы, №52 ғимарат, пошталық индексі 130001.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

### 13. Мақсаттары:

1) Маңғыстау облысы аумағында білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) білім саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету;

3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету;

4) жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту;

5) оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі;

6) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығын қалыптастыру;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген басқа да мақсаттар.

### 14. Өкілеттіктері:

#### 1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті актілерді қабылдау;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу; өз құзыреті шегінде комиссияларды құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін беру;

заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

#### 2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыс әкімінің тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Басқарманы цифрландыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылдау;

Басқарманың құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы іс-шараларын ұйымдастыру, жоспарлау және орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыру;

ҚР "Азаматтық қорғау туралы" Заңында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру.

#### 15. Функциялары:

1) білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) бастауыш, негізгі орта және кешкі (ауысымды) оқу нысанын қоса алғанда, жалпы орта білім беру және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беретін мемлекеттік білім беру ұйымдарында (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) білім беруді қамтамасыз ету;

3) тірек мектептердің (ресурс орталықтарының) жұмыс істеуін, оның ішінде олардың шағын жинақты мектептермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді қамтамасыз ету;

5) ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқытуды, олардың білім беру ұйымдарында білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасауды, әмбебап дизайн және (немесе) ақылға қонымды ыңғайлылық қағидаттарын ескере отырып, мемлекеттік құрылыс нормалары мен стандарттарына сәйкес білім беру ұйымдарының ғимараттарына, құрылысжайлары мен үй-жайларына қолжетімділікті қамтамасыз ету;

6) мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқытуды қамтамасыз ету;

7) мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, орта білім алғанға дейін оларды оқытуды ұйымдастыру;

8) мектепке дейінгі тәрбиемен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз ету;

9) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және негізгі орта, жалпы білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын солармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын қоспағанда, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын

мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

12) отыз жылдан көп пайдаланылып отырған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымдарының (қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) жай-күйін әрбір бес жыл сайын авариялығы тұрғысынан зерттеп-қарауды, сондай-ақ сейсмикалық қауіпті өңірлерде орналасқан мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымдарын сейсмикалық беріктігі тұрғысынан зерттеп-қарауды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

13) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

14) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

15) өңірлік кәсіпкерлер палаталарының және мүдделі ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

16) мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

17) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

18) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

19) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемдері шегінде мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту және орналастыру туралы облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

20) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыру;

21) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

22) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қолдау көрсету және жәрдемдесу;

23) облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қала) ауқымдардағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсау;

24) мемлекеттік тапсырыс негізінде техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін жыл сайын 1 тамызға дейін қағаз және электрондық жеткізгіштерде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз ету;

25) жыл сайын 1 тамызға дейін аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан, мектепалды даярлықтың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, орта білім беру ұйымдарына оқу жылына білім беру органдары болжайтын көлемде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастыру;

26) ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқытуды, олардың білім беру ұйымдарында білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасауды, әмбебап дизайн және (немесе) ақылға қонымды ыңғайлылық қағидаттарын ескере отырып, мемлекеттік құрылыс нормалары мен стандарттарына сәйкес білім беру ұйымдарының ғимараттарына, құрылысжайлары мен үй-жайларына қолжетімділікті қамтамасыз ету;

27) мектепке дейінгі ұйымдарды және интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының, оның ішінде аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

28) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз етеді, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, қалалардағы аудандарда, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

29) облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейлерде жүзеге асырылатын балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз ету;

30) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауды және қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

31) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеп-қарауды және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз ету;

32) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ету;

33) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

34) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына, оның ішінде аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларға қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;

35) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастыру;

36) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;

37) берілген өтінімдерге сәйкес кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, ауылдық жердің кадрлар қажетсінуі туралы өтінімді білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға жыл сайын 15-ші сәуірге дейін ұсыну;

38) мәслихатқа білім алушылардың қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы ұсыныстар енгізу;

39) білім беру мониторингін жүзеге асыру;

40) жыл сайын белгіленген мерзімдерде білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттандыру объектілерінде статистикалық байқаулар деректерін жинауды қамтамасыз ету;

41) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету ;

42) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарында ұсталатын адамдарға жағдай жасау;

43) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсету;

44) мемлекеттік білім беру ұйымдарының сапалы кадрмен қамтамасыз етілуін ұйымдастыру және жүзеге асыру;

45) конкурс жеңімпаздарына – мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына "Орта білім беретін үздік ұйым" грантын төлеу;

46) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында, мамандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру;

47) әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету;

48) білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту үшін облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

49) дуальды оқыту бойынша білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

50) конкурс жеңімпаздарына – мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үздік ұйым" грантын төлеу;

51) білім беру ұйымдарында, оның ішінде аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан білім беру ұйымдарында психологиялық қызметке әдістемелік басшылықты қамтамасыз ету;

52) тиісті кентте, ауылда, ауылдық округте мектеп болмаған жағдайда білім алушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру;

53) жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтардың сипаттамасын, оларды беру тәртібін, оның ішінде біржолғы сыйақы төлемдерінің мөлшерін әзірлейді және айқындау үшін облыс әкімдігіне ұсынады;

54) өз құзіреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласында бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларын жүзеге асырады;

55) облыстың коммуналдық қазыналық білім беру кәсіпорындары өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекітеді;

56) облыстың жергілікті атқарушы органына мемлекеттік қызметшілердің, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің штат санын бекіту туралы ұсыныстар енгізеді;

57) аудандық және қалалық білім бөлімі басшысының ұсынуы бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардағы білім бөлімінің құрылымын келіседі;

58) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша облыстың білім беруді басқару құрылымын бекітеді;

59) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органымен және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша облыс аудандарының, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінің бірінші басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату;

60) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшылары мен орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) келісімшарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банктік шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

14) Басқарманың қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады;

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Маңғыстау облысының  
білім басқармасы" мемлекеттік  
мекемесі туралы ережеге қосымша

### **Басқарманың ведомстваларының тізбесі**

- 1) Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімі;
- 2) Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімі;
- 3) Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімі;
- 4) Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімі;
- 5) Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімі;
- 6) Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімі;
- 7) Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімі.

### **Басқарма қарамағындағы ұйымдарының тізбесі**

- 1) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Каспий дарыны" дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 2) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 3) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 4) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Н.Бекбосынов атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 5) Маңғыстау облыстық білім басқармасының "Маңғыстау өнер колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 6) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Халел Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

7) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

8) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

9) Маңғыстау облысы білім басқармасының "Маңғыстау техникалық колледжі" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны;

10) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

11) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Мамандандырылған техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

12) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Қарақия кәсіптік колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

13) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Маңғыстау туризм колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

14) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Бейнеу гуманитарлық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

15) Маңғыстау облысы білім басқармасының "Бейнеу политехникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

16) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

17) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Оқушылар сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

18) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Арнаулы білім беру ұйымы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

19) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

20) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған №1 арнайы балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

21) Маңғыстау облысының білім басқармасының "№ 2 арнайы мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

22) Маңғыстау облысының білім басқармасының "№ 3 арнайы мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

23) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Есту қабілеті бұзылған, психикалық дамуы тежелген және сөйлеу тілінде ауыр бұзылыстары бар балаларға арналған № 4 арнайы балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

24) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Жаңаөзен арнайы мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 25) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Облыстық санаторлық мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 26) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Облыстық арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 27) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Түрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернат" мемлекеттік мекемесі;
- 28) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Білім-инновация" лицей-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 29) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Жаңаөзен "Білім-инновация" лицей-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 30) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Маңғыстау аймақтық дене тәрбиесі орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 31) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация" мемлекеттік мекемесі;
- 32) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Аймақтық психологиялық – медициналық – педагогикалық консультация" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 33) Маңғыстау облысы білім басқармасының "Бейнеу психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 34) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Шетпе психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 35) Маңғыстау облысы білім басқармасының "Қарақия аудандық психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 36) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Мұнайлы психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 37) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Ақтау психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 38) Маңғыстау облысы білім басқармасының "Оңалту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 39) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Облыстық отбасылық үлгідегі балалар ауылы" мемлекеттік мекемесі;
- 40) Маңғыстау облысының білім басқармасының "Маңғыстау облысының кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекеме;
- 41) Маңғыстау облысы білім басқармасының "№ 2 Аймақтық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 42) Маңғыстау облысы білім басқармасының "Түпқараған психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

43) Маңғыстау облысы білім басқармасының "№ 6 арнайы балабақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

44) Маңғыстау облысы білім басқармасының "Ақтау қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

45) Маңғыстау облысы білім басқармасының "Бейнеу аудандық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

46) Маңғыстау облысы білім басқармасының "Форт-Шевченко психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.